

Н. Байтенова , **Ж. Жорабек*** 

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.
*e-mail: 00077-94@mail.ru

ИСЛАМИЗМ, НЕГІЗГІ ДАМУ КЕЗЕҢДЕРІ: ДІНТАНУЛЫҚ ДИСКУРС

Мақала саяси ислам дискурсының әртүрлі аспектілерін қарастыруға арналған. Мәселені мазмұны жағынан талдау негізінде халықаралық саяси ислам дискурсының сабақтастығы көрсетілген. Зерттеу барысында алынған тұжырымдар XX ғасырдың аяғы мен XXI ғасырдың басында саяси исламның күрт жандануына байланысты. Күрделі және әртараптандырылған исламизм мен исламистер сабақтастықты сақтай отырып, уақыт өте келе айтарлықтай өзгерістерге ұшырады. Ол исламизм дамуының негізгі кезеңдеріне талдау жасау арқылы айқындалды. Қазіргі исламизм – исламның жас саяси идеологиясы. Ал соңғы онжылдықтарда исламизмнің дамуы исламның жандануымен немесе мұсылман елдерінің ерекше модернизациясымен тығыз байланысты. Қысқаша айтқанда, исламизм көбінесе «саясаттандырылған ислам» немесе «саяси ислам» ретінде анықталады. Зерттеушілер ислам мен исламизмнің, яғни дін мен оның негізінде құрылған саяси идеологияның арасында тең бөлгі қоюға болмайтынына ерекше көңіл бөліп пайымдайды. Исламизм туралы қалыптасқан мұндай түсінік оның толық мағынасын көрсете алмайды, өйткені исламизм тек саяси ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік идеология және өмір салты болып табылады. Сонымен қатар, мақалада авторлар исламизмнің негізгі даму кезеңдеріне де жеткілікті түрде назар аударып, талдайды.

Түйін сөздер: исламизм, саяси ислам, дискурс, қоғам, мемлекет, сабақтастық, исламистер.

N. Baitenova, Zh. Zhorabek*

Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty
*e-mail: 00077-94@mail.ru

Islamism, the main stages of development: religious discourse

This article examines various aspects of the discourse of political Islam. Based on a meaningful analysis, the continuity of the international political Islamic discourse is shown. The conclusions obtained during the study are related to the sharp revival of political Islam in the late twentieth and early twenty-first centuries. Complex and diversified Islamism and Islamists, while maintaining continuity, have undergone significant changes over time. This was revealed because of the analysis of the main stages of the development of Islamism. Modern Islamism is a relatively young political ideology of Islam. In recent decades, the development of Islamism has been closely linked with the revival of Islam and the modernization of Muslim countries. Islamism is often defined as «politicized Islam» or «political Islam». Researchers draw attention to the fact that it is impossible to put an equal sign between Islam and Islamism, between religion and the political ideology that arose on its basis. Such an understanding of Islamism does not give a complete picture of it, because Islamism is not only a political, but also a social ideology and a certain way of life. At the same time, this article will also pay enough attention to the stages of the development of Islamism.

Key words: Islamism, political Islam, discourse, society, state, continuity, Islamists.

Н. Байтенова, Ж. Жорабек*

Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы
*e-mail: 00077-94@mail.ru

Исламизм, основные этапы развития: религиоведческий дискурс

В данной статье рассматриваются различные аспекты дискурса политического ислама. На основе содержательного анализа показана преемственность международно-политического исламского дискурса. Выводы, полученные в ходе исследования, связаны с резким возрождением политического ислама в конце XX и в начале XXI века. Сложный и диверсифицированный исламизм и исламисты, сохраняя преемственность, со временем претерпели значительные изменения. Это было выявлено в результате анализа основных этапов развития исламизма. Современный исламизм – относительно молодая политическая идеология ислама. В последние десятилетия развитие исламизма тесно связано с возрождением ислама и модернизацией мусульманских стран. Исламизм часто определяется как «политизированный ислам» или «политический ислам». Исследователи обращают внимание на то, что невозможно поставить знак равенства между исламом и исламизмом, между религией и политической идеологией, возникшей на ее основе. Такое понимание исламизма не дает полной картины, потому что исламизм – это не только политическая, но и социальная идеология и определенный образ жизни. В то же время, эта статья также уделяет достаточно внимания этапам развития исламизма.

мизм – относительно молодая политическая идеология ислама. В последние десятилетия развитие исламизма тесно связано с возрождением ислама, модернизацией мусульманских стран. Исламизм часто определяется как «политизированный ислам» или «политический ислам». Исследователи обращают внимание на то, что нельзя ставить знак равенства между исламом и исламизмом, между религией и политической идеологией, возникшей на ее основе. Такое понимание исламизма не дает полного представления о нем, потому что исламизм не только политическая, но и социальная идеология и определенный образ жизни. Вместе с тем, в данной статье также уделяется достаточно внимание и этапам развития исламизма.

Ключевые слова: исламизм, политический ислам, дискурс, общество, государство, преемственность, исламисты.

Кіріспе

Ислам әлемі Атлант мұхитынан Тынық мұхитына дейінгі бүкіл Африка-Еуразияны қамтиды. Мұсылмандар саны күрт өсіп келе жатқандықтан, қазіргі әлемді исламсыз елестету мүмкін емес. Қазіргі уақытта мұсылмандар дүние жүзіндегі халықтың 20%-дан астамын (1,7 млрд.) құрайды және 2050 жылға қарай 2,76 млрд-қа дейін өседі деп болжануда, бұл болашақ әлем халқының 30%-ға жуығын құрайды. Осыған байланысты Ислам әлемі мемлекеттерінің де экономикалық рөлі арта түседі. Бұл исламизм мәселесін жан-жақты зерттеудің өзектілігін анықтайды. Исламизм ешбір үстірт құбылыс емес, ол мұсылмандар өмірінің іргелі аспектілеріне әсер етеді және әлеуметтік негізі кең таралып жатқан бұқаралық ағым. Өткен ғасырдың соңындағы жеке эпизодтар болып көрінген құбылыстар бүгінде әлемдік саясаттың басты трендтерінің бірі болды. Сондықтан әлемдік саясаттың факторы ретінде исламизмнің басым рөлі ұзақ уақыт сақталатын болады деп болжануда.

Бұл еңбектерде Исламизм және исламистік ұйымдар ислам қоғамында көптеген функцияларды орындайды, мысалы жағдайы төмен отбасыларға көмектесу, өзекті мәселелерді шешу үшін өзін-өзі ұйымдастыру, адамгершілікті бақылау, рухани білім беру, медициналық көмек және қоғамды толғандыратын діни мәселелерді талқылау, мигранттардың отбасыларына ақша жеткізудегі делдалдық, сонымен қатар талантты адамдарға алға жылжуға мүмкіндік береді және т.б. Сонымен қатар, Исламистік ұйымдар бизнеске, білімге, тіпті төменгі муниципалды ұйымдарға белсенді түрде араласуда.

Тақырыпты таңдауды дәйектеу және мақсаты мен міндеттері

1990 жылдардың басталуы мұсылман әлемінің исламға қатысты зерттеулердің қайта

құрылуын қалыптастырды. Өздерінің еңбектерін әлемнің, адам құқықтарының және зайырлы басқарудың құндылықтарына негізделген исламдағы реформаларға арнаған, өзін реформист немесе модернист ретінде анықтайтын ғалымдардың пайда болуына өте қолайлы кезең болды. Мұны исламизмді зерттеген танымал зиялылардың еңбектерінен байқауға болады. Мақаланың мақсаты – исламизмді зерттеудегі қазіргі реформаторлық ойшылдардың ғылыми саладағы тарихи эволюциясын түсіну және зерттеу, осы зиялылардың айналасындағы әдебиеттерді мазмұнды талдауға негізделген. Мақалаға келесідей міндеттер қойылды: исламнан кейінгі контекст осы интеллектуалды тенденцияның пайда болуына қандай әсер етеді? Оның әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдармен қандай байланысы бар? Ол тарихи түрде қалай дамыды? Бұл тұрғыда зерттеушілер осы зиялылар орналасқан теориялық шеңберді және олардың эволюциясын көрсету үшін репрезентативті үлгілердегі бірлескен дәйексөзді талдайды. Бұл тәсілдер оларды қалыптастыратын қатынастар мен әлеуметтік динамикаға емес, діни интерпретациялардың өзара әрекеттесуі мен кодeterminациясына бағытталған оқу түрін біріктіреді. Жеке мысалдарды қолдана отырып, бұл процесс қазіргі ислам ойының мүмкіндіктерін кеңейтуге де, Исламды реформалауға бағытталған жұмыстардың нақты корпусын қалыптастыруға да көмектеседі.

Ғылыми зерттеу әдіснамасы

Бұл мақалада исламизм терминіне деректанулық және тарихи талдаулар жасалды. Сонымен қатар зерттеу барысында негізінен сараптамалық әдіспен қатар ғылыми зерттеудің интерпретациялық ашықтау, тарихи сипаттау, зерделік саралау сияқты зерттеудің дәстүрлі әдістері де қолданылды.

Негізгі бөлім

Бастапқыда ислам дінін білдіретін «islamismus» («исламизм») термині ретінде алғаш рет ағылшын тілінде 1697 жылы және 1712 жылы қалыптасты. Бұл термин АҚШ Жоғарғы Сотының IngreRoss (1891) ісіндегі шешімінде пайда болады. XX ғасырдың басында «ислам» деген қысқа және таза араб сөзі бұл терминді ығыстырды. Сонымен қатар, зерттеулерге сәйкес 1938 жылғы шығыстанушы ғалымдар құрастырған Ислам энциклопедиясында «исламизм» термині ағылшын тілінде қолданыста болмады (Achilov, Sen, 2017: 608-624)

XIX ғасырдан бастап «исламизм» ұғымын Батыс шығыстанушылары, исламтанушылар мен саясаттанушылар мүлдем әртүрлі мағынада, сипатта қолданды. «Исламизм» этикетін алғаш рет XVII ғасырдың аяғында француз жазушылары қолданған. Le Petit Robert 1697 жылды осы сөзге алғашқы сілтеме ретінде келтіреді. Ағарту философы Вольтер бұл терминді қолданған алғашқы жазушылардың бірі: «бұл дін исламизм деп аталады» деп көрсеткен. 1838 жылы Токвиль «иудаизмдегі исламизмнің тамырын» тапты. Коссен де Перцеваль, граф де Гобино, Эрнест Ренан және барон Бернард Карра де Вода «исламизм» терминін өз еңбектерінде дін ретінде сипаттайды. Коссен де Перцеваль оны «Essai sur l'histoire des Arabes avant l'Islamisme, pendant l'epoque de Mahomet» (3 том, 1847-9) кітабының атауына енгізді және ««Исламизм» Мұхаммед пайғамбар негізін қалаған дін «ислам» дегенді білдіреді», - деп жазған. Граф де Гобино өзінің «Орталық Азиядағы Дін және философия» кітабының екінші тарауын исламизмді зерттеуге арнады. Ол исламизмді исламға дейін болған діндердің жасырын бірігуі ретінде қарастырады. Гобино еңбектерінде исламизм терминін тек ислам мағынасында, нақты саяси немесе идеологиялық байланыстарсыз қолданған. Эрнест Ренан 1883 жылы 29 наурызда Сорбоннада (Париж) өткізген әйгілі конференцияда исламизм терминін қолданды. Бұл конференция халықаралық маңыздылыққа, кең танымалдылыққа және де полемикалық аспектіге өте тығыз байланысты болды және бұл әлі күнге дейін де солай. Сайид Джамал Әл-Ауғани (1838-1897) есімді мұсылман қайраткері Египетте, Персияда және Османлы Түркиясында үгіт жүргізді. Ол Парижде тұрып, Исламның қазіргі заман мен ғылымға қатысты ұстанымы туралы қызу пікірталас жүргізді. Дәл осы тұрғыда ол

өзінің «Исламизм және ғылым» сөзін қолданды, өз дәуірінің интеллектуалды контекстіне толық сәйкес «исламизмді» «христиандыққа» параллель ретінде қолданады (ағылшын тіліндегі «христиандықтың» баламасы). Ол ислам мен исламизмді бір-бірінің орнына қолданылатын терминдер ретінде пайдаланды.

Кейіннен «Исламизм» және «ислам» терминдері Батыс исламтанушыларының, шығыстанушылардың және саясаттанушылардың ең көп қолданылатын терминдеріне айналды. Мысалы, Игназ Голдцихер (1850-1921), Макс Вебер (1864-1920), Освальд Шпенглер (1880-1936), Фернан Бродель (1902-1985), Клод Коэн (1909-1991), Энн С., Ламбтон С. (1912 ж.т.), Анри Лауст және Уильям Монтгомери Уотт (1909-2006) сияқты ғалымдардың еңбектерінде қолданылған (Reimer, 2005: 87-91).

Қазіргі заманғы «исламизм» терминін қайта қолдану алдымен жаңа исламдық қозғалыстарға жанашырлық танытатын ғалымдар үшін «маркер» ретінде қызмет етті, дегенмен, бұл термин танымал бола бастаған сайын, ол Талибан немесе Алжир Қарулы ислам тобы сияқты саяси топтармен, сондай-ақ жоғары дәрежедегі зорлық-зомбылық әрекеттерімен танымал болды (Goldschmidt, 2004: 264).

Зерттеушілер ислам мен исламизмнің, яғни дін мен оның негізінде құрылған саяси идеологияның арасында тең белгі қоюға болмайтынын пайымдауда. Қазіргі исламизм – бұл исламның туындысы, салыстырмалы түрде жас саяси идеология, ол Батыстың көшбасшылығын түсінумен және мұсылман елдері қалыптастырған қиындықтармен байланысты. Ал соңғы онжылдықтарда исламизмнің дамуы исламның жандануымен немесе мұсылман елдерінің ерекше модернизациясымен тығыз байланысты. Қысқаша айтқанда, исламизм көбінесе «саясаттандырылған ислам» немесе «саяси ислам» ретінде анықталады (Muddassir, 2017, Grinin, 2018, Hooper, 2015) бірақ бұл исламизмнің толық мағынасын көрсете алмайды, өйткені исламизм тек саяси ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік идеология және өмір салты.

Исламизмнің мағынасын ашу үшін көптеген зерттеулер жүргізілді. Жаңа анықтамалардың бірі, «исламизм – радикалды идеологияға негізделген саяси ағым, оның мәні фундаментализм, ал мұсылман әлемінің барлық қиыншылықтары «тазалық, әділдік, ақиқат» ұғымдарының алғашқы мағынасын, негіздерін ұмытудан, жат құндылықтарды және

мұсылмандар үшін қолайлы емес қоғамның зайырлы құрылымын қабылдау әрекеттерінен туындайды деп түсіндіреді (Khan, 2007: 66-82). Алайда, исламизмнің көп тарапты екенін, радикалды исламистердің басты жаулары секуляристер емес, қалыпты (умеренный) исламистер екенін жоққа шығаруға болмайды (Mura, 2012).

3. И. Левиннің анықтамасы бойынша, «Исламизм – Мұхаммед пайғамбардың ілімі негізінде әлемді қайта құрудың жаһандық жобасы, оның іс-әрекетін жүзеге асыру жоспары. Мұсылмандардың адамзатты зайырлылықтың, ұлтшылдықтың, жаһандандудың жойқын зардаптарынан құтқарушы ретінде таңдалған идея». Бұған шынымен сенетін саны аз болғанына қарамастан, миллиардтан астам мұсылман бар екенін ескерсек, жалпы алғанда миллиондаған адамдар осы анықтамаға сенеді деп болжамдауға болады (Левин, 2014).

Радикалды және қалыпты исламизмде де көптеген түрлі ағымдар мен реңктер бар, сондықтан исламизм өте алуан түрлі және қайшылықты, әртүрлі өзгерістерге жауап береді және жағдайға байланысты құбылып отырады. Сонымен қатар, ол көптеген деңгейлер мен көріністерге ие: саяси партиялар мен ғылыми пікірталастардан бастап, кейбір сауатсыз мұсылмандарға тән сана ағымына дейін, мемлекеттік деңгейден бастап фанатикалық террористер топтарына дейін, қалыпты саяси қозғалыстардан экстремистердің соққы топтарына дейін: «Ислам орнатқан заңдарға сәйкес саяси және әлеуметтік жүйені қайта құруды жақтайтын саяси қозғалыс» (Osman, 2016) . «... Исламистер – бұл ислам мұсылман көпшілігімен қоғамды ұйымдастыруда маңызды рөл атқаруы керек деп санайтын және осы сенімді жүзеге асыруға тырысатын топтар» (In El-Din Shahin, 2015).

Тұжырымдаманың заңдылығы туралы дауларды талқылаудан басқа, исламизмнің пайда болуы мен көтерілуіне әкелетін контексттер мен жолдар туралы басқа да пікірталастар бар.

Бірінші көзқарас – бұл исламның аяқталуымен және оның сәтсіздіктері мен көңілсіздіктерімен байланысты. Исламшыл қозғалыстар өздерінің үміттері мен армандарын жүзеге асыра алмағаннан кейін, исламнан кейінгі жобалар мен идеялар пайда болды, бұл қозғалыстардың сәтсіздігін және жаңа кезеңге өтуін жариялады.

Екінші көзқарас – бұл исламның табиғи эволюциясының нәтижесі және жаңа тарихи кезең. Соңғы онжылдықтарда исламистер де-

мократиялық ойыннан бас тартудан оны ішінара, содан кейін толық қабылдауға көшті. Содан кейін олардың демократияға деген көзқарасы плюрализмді қабылдауға және биліктің ауысуына, ақырында дінді саясат пен азаматтық мемлекеттен бөлуді жақтауға айналды. Бұл дегеніміз, олар біртіндеп саяси және демократиялық процеске қатысып, консервативті діни ұйымдардан демократиялық процеске көбірек сенетін ұйымдарға көшті. Осылайша, біз идеологиялық, саяси немесе халықтық деңгейде поэтикалық исламның шегіну және Күйреу сатысында емеспіз. Керісінше, біз осы қасақана исламшыл қозғалыстар жүріп өткен сызықтық жолдың озық сатысындамыз немесе қазіргі саяси исламдағы маңызды тенденциялардың біріне тап боламыз. Басқа исламистік қозғалыстар мен партиялар бірдей соңғы нүктелерге жетеді деп болжануда.

Алдыңғы екі гипотезадан бұл анықтаманы сәтсіздіктер мен шегіністердің нәтижесі немесе табиғи эволюциясы деп түсіндіруге болады. Олар саяси ислам дискурсының көп бөлігінен бас тартты және Еуропадағы Христиан демократиялық партиялары сияқты демократиялық ойынға қатысатын саяси партияларға ұқсас қозғалыс ретінде сипатталған.

Исламистік қозғалыстардың екі көрнекті зерттеушісі Надер Хашеми мен Натан Браун өз еңбектерінде исламистік қозғалыстарды статикалық, тоқырау немесе эссенциалистік емес, керісінше, тарихи, әлеуметтік және мәдени контексттермен байланысты, кезеңдер мен идеологиялық және саяси кезеңдерден өтеді деп көрсеткен (Nathan, 2012: 71-75, Nader, 2017: 29-37).

Исламистік қозғалыстар арасында болған және оларды исламнан кейінгі кезеңге итермеленген оқиғалар мен өзгерістер тек араб мемлекеттері мен қоғамдарымен шектелмейді. Ислам әлемінде қалыптасқан және араб модельдерінен әлдеқайда асып кеткен тәжірибелер бар. Олардың ішіндегі ең көрнектісі – әділет және даму партиясының түрік моделі. Ол зайырлылық пен демократияны қабылдау және исламдық ұрандар мен дискурстан бас тарту туралы (2001 жылы құрылғаннан бері) мәлімдеп қана қоймай, өзін еуропалық консервативті партиялар сияқты «консервативті демократиялық партия» деп қайта анықтады («консервативті» бұл жерде саяси емес, моральдық мағынаны білдіреді). Түркияның Әділет және даму партиясы демократия мен плюрализмге және «исламнан кейінгі» кезеңге бет бұрған исламшыл партиялардың нәтижелерінің дамып келе жатқан мысалы болуда.

Жоғарыда келтірілген анықтамаларды талдай отырып, Ислам қоғамдастығында «ислам тағайындаған заңдар» немесе «ислам қағидаттары» ұғымдарын әртүрлі жолмен түсіндіруге болатындығына көз жеткізуге болады. Мұнда тек радикалды ғана емес, сонымен бірге қалыпты исламизм де интерпретацияланады. Сонымен қатар, нағыз исламистер іс жүзінде белгілі бір ислам қағидаттарына сәйкес бүкіл әлемді қайта құруға сирек ұмтылады.

Ресейлік зерттеуші Царегородцева И.А. өзінің зерттеулерінде исламистерді тек радикалдар деп түсіндіріп, ал қалыпты исламизмді «исламдық белсенділік» деп қарастырады. Тіпті кейбір зерттеушілер, қалыпты исламистердің бар екендігіне күмән туғызады. Алайда, мұндай тәсілдер ғылыми және практикалық тұрғыдан нәтижесіз деуге болады. Себебі, исламизм сөздің мағынасында исламның маңыздылығын алға тартумен және оның принциптерін өмірдің әртүрлі салаларына таратумен байланысты, бірақ міндетті түрде билеуші режимді күшпен құлатуды талап етпейді. Сонымен қатар, қалыпты исламистердің радикалдану жағдайлары көп (мысалы, 2013 жылғы шілдедегі әскери төңкерістен кейін Мысырдағы «Мұсылман бауырлар» бөлігі) немесе керісінше, Ирандағы радикалды исламистер қазір демократиялық сайлау ережелерін сақтай отырып, қалыпты жағдайға айналды. Ливандағы «Хезболла» сияқты радикалды исламистік ұйым сайлауға қатысады, Парламентте өз өкілдігі бар, сонымен қатар үкіметтік блокқа христиан және зайырлы партиялармен бірге кіреді (Царегородцева, 2017: 93-111).

Жеке авторлар «исламдық фундаментализм» ұғымын тек діни тұрғыдан ғана емес, сонымен қатар зайырлылық призмасы арқылы «революциялық идеология» ретінде қарастыру және талдау қажет деген қорытындыға келеді. Кейбір саясаттанушылар «исламизм» ұғымын жалпылауға және тіпті жеңілдетуге тырысып, оны батыс елдерінің сыртқы саяси проблемалары призмасы арқылы қарастырады.

Исламизм күрделі ұғым, сондықтан қалыпты исламистерді басқа ағым өкілі деп және радикалдар мен модернизаторларды араластыру ғылыми тұрғыдан дұрыс емес. Террорға, саяси өмірге қатысуға және т.б. қатысты үлкен айырмашылықтарға қарамастан, исламистер көптеген идеологиялық көзқарастарды біріктіреді.

Жоғарыда айтылғандарға сүйене отырып, келесідей қорытынды жасауға болады: исламизм – бұл мұсылман әлемінде кең таралған са-

яси, әлеуметтік бағыт және жеке идеология. Ол исламның жоғары құндылығы мен басымдылығы идеяларына, оның ережелері мен дәстүрлеріне, ислам қағидаттарын белгілі бір деңгейде орындау негізінде өмір сүру қажеттілігіне сүйенетін әлеуметтік өмірдегі идеялар мен принциптер.

Қазіргі исламизм еуропалықтардың таяу және орта шығысқа жылжуына идеологиялық және саяси жауап ретінде, қоғамды Батыс отаршылдығы мен империализмге қарсы жұмылдыруға тырысатын отаршылдыққа қарсы және анти-империалистік бағыт ретінде пайда болды. Зерттеулерге сүйене отырып, ұйымдасқан исламизмнің пайда болуына түрткі болған себеп Бірінші дүниежүзілік соғыстағы Түркияның жеңілісі, сондай-ақ оның исламдық, бірақ түрік емес аумақтарының (Трансиордания, Сирия және т.б.) құлдырауы және бөлінуі болды. Бұл ағымның пайда болуы 1924 жылы Кемал Ататүріктің халифатты жоюы ерекше маңызға ие болды (Sayuıd, 1997). Бұл, біріншіден, Таяу Шығыс Ислам империясының Батыстың Таяу Шығысқа ену тарихындағы ең ауыр жеңілісі болды, екінші жағынан, зайырлы билік пен оның қасиетті қайнар көзі арасындағы байланыс жоғалды, ол бұрын халифа мәртебесімен бейнеленген. Егер Арабияда бұл байланыс қалпына келтірілсе, Түркияда және басқа аумақтарда зайырлы саяси жүйе биліктің қайнар көзі болды. Тиісінше, исламның саяси аспектілеріне қатысты даулардың қарқындылығы арта бастады (William, 2009). Еуропалықтармен идеологиялық негізде күрес көптеген ғасырлар бойы болғаны оған дәлелді айғақтар келтірді. Исламизмнің идеология ретіндегі негізгі тұжырымдамалары XIX ғасырда исламдық ойшыл-реформаторлардың жазбаларында, мысалы Джамал ад-Дин ал-Ауғани (1839-1897), Мұхаммед Абдо (1849-1905) және т. б. авторлардың еңбектерінде пайда болған. Исламистік идеологияны дамытуда бүкіл ислам әлемінің білім беру және діни идеологиясының көшбасшысы болған Каир мұсылман университеті Әл-Азхар ерекше рөл атқарды (Ланда, Саватеев, 2015).

Осы уақытта исламизм Батысқа қарсы тұру және өз мәдениетін қайта жандандыру идеологиясы ретінде қалыптаса бастады. Сондай-ақ осы мақсатты жүзеге асыру мен насихаттаудың және бұқараны жандандырудың практикалық саяси, ұйымдастырушылық құралы ретінде қолданылды. Бұл бағытта 1920 жылдардың аяғында ұйымдастырылған Египеттегі «Мұсылман бауырлар» қозғалысы және

Британдық Үндістандағы Бүкілүнді мұсылман лигасы, содан кейін 1906 жылы Даккада негізі қаланған Тәуелсіз Пәкістанда мұсылман үнділердің құқықтарын қорғау мақсатындағы қозғалыстар сәтті болып шықты. Лиганың белсенділігі 1928 жылы, Мұхаммед Әли Джиннаның президенттігі тұсында артты. Осыдан кейін Бүкілүндістандық мұсылман лигасы мұсылмандар үшін жеке мемлекет құруға ұмтылды. Бірақ көбінесе исламистік қозғалыстың басталуы 1928 жылы Египетте «Мұсылман бауырлардың» пайда болуымен байланысты болды, бұл ұйымның басшыларының бірі белгілі теолог және ғалым Хасан Ал-Банна болды.

Исламизм Батыстың ықпалына реакция ғана емес, сонымен бірге осы уақытқа дейін бір-қатар Ислам елдерін қамтыған батыстық модернизацияның нәтижесі болды. Осыған байланысты қазіргі исламизм бұқаралық қозғалыс ретінде, ең алдымен, демократия, сайлау және саяси партиялар жүйесі қандай да бір деңгейде болған елдерде пайда болды. Абсолютті монархияларда қазіргі исламизм саясаттандырылған ислам ретінде қажет емес, бірақ зайырлы биліктің қолындағы құрал ретінде қолданылды. Алайда, қоғамның қандайда бір топтарының саясатта дауыс беру құқығы бар аймақтарда саяси исламның рөлі айтарлықтай байқалады. Сондықтан, 1930 ж. вафдистер («Вафд» Египет саяси партиясы) «мұсылман бауырлармен» саяси күреске қатыса отырып, олардың қолдауына ие болуға тырысты (Mura, 2012). Сайлауда мұсылман лигасы да маңызды рөл атқарды. Мәжіліс сайлауы Шах Иранда 1906-1911 жылдардағы конституциялық төңкерістен кейін ұйымдастырылып басталды. Демократия, саяси партиялар, сайлау – Батыстан тікелей немесе жанама түрде шығысқа қарай жылжып отырды (Osman, 2016). Авторитарлық режимдерде сайлауға қатыспау исламистердің ықпалын азайтты. Исламизм демократияның нәтижесінде пайда болған жоқ, бірақ соңғы оқиғалардың нәтижесінде белсенділігі арта түсті деуге болады. «Исламизм. Араб көктемі мен Демократия» кітабында Батыстың исламизмді қалай күшейтетіні туралы көптеген мысалдар келтірілген, ол бір жағынан демократияны енгізу, екінші жағынан авторитарлық режимдерді жою және тіпті исламистерге жанама түрде көмектесу үшін жасалғандығына баса назар аударылған.

Исламизмнің пайда болу тарихына талдау жасай келе, оны Батыс институттарының Таяу Шығысқа жылжуы нәтижесінде пайда болды деген қорытынды жасауға болады. Бұл исламистер

арасында институттарға, батысқа, прогреске және басқада жағдайларға байланысты әртүрлі көзқарастарды ашты. Өз ниеттеріне қарамастан, ислам қазіргі заманғы ғана емес, батыстық идеялар мен институттарды да импорттайды (Мирский, 2015).

Күрделі және әртараптандырылған исламизм мен исламистер сабақтастықты сақтай отырып, уақыт өте келе айтарлықтай өзгерістерге ұшырады. Оны исламизм дамуының негізгі кезеңдеріне талдау жасау арқылы көре аламыз:

1. «Мұсылман бауырлар» қызметінің алғашқы онжылдықтары 1928 жылы Египетте Хасан Ал-Банна бастаған «мұсылман бауырлар» қозғалысының ұйымдастырылуы;

2. 1940-1960 жылдары тәуелсіз ислам және араб мемлекеттерінің құрылуы. Революция, жаңа режимдердің пайда болуы, зайырлы ұлтшыл көшбасшылардың пайда болуы (Г. Насер және т.б.), көптеген төңкерістер, жеке диктатураны орнату, әскери блоктарға ену және саясаттағы басқа да көптеген өзгерістерде исламизм енуі;

3. ОПЕК-тің құрылуы және 1973-1979 жылдардағы мұнай бағасының өсуі Батысқа тәуелсіз даму, исламистік ұйымдарды қаржыландыру үшін қуатты қаржы құралдары пайда болды. Мұнай бағасының жылдам өсуі араб елдері арасындағы қарым-қатынасты, ірі мұнай экспорттаушылардың рөлін, кей мемлекеттердің батысқа қарым-қатынасын өзгертті;

4. 1979 жылғы Ирандағы Ислам революциясының жеңісі. Ирандағы Ислам революциясының мәні шииттік сипатқа ие болды. Иран исламшыларының Америка Құрама Штаттарына қарсы шақыруы исламизмнің күшіне деген сенімді нығайтуға күшті серпін берді;

5. Ауғанстан оқиғасы. 1979 жылы КСРО Ауғанстанға басып кірді. Бұл исламдық «патриотизмнің» өсуіне және сәйкесінше исламизмнің ықпалының өсуіне әкелді. Ауған мұжахидтеріне АҚШ (қару-жарақ, оқыту, қаржыландыру және т.б.), сондай-ақ Пәкістан және басқа да ислам елдерінен үлкен көмек көрсетілді. Бұл оқиғалар, лаңкестердің базасын кеңейтуге негіз болды. Кеңес әскерлерінің Ауғанстаннан шығарылуы исламистер арасында КСРО-ны жеңу деп саналды, кей зерттеулерде исламдық терроризмнің өсуіне себеп болатын оқиға ретінде қарастырылады;

6. 1980-1990 жылдары Исламдық жаңғыру, радикализмнің өсуі. Исламдық қайта өрлеу бүкіл ислам әлеміне таралған діни негіздегі кең интеллектуалды, мәдени, әлеуметтік және саяси қозғалыс болды. Исламдық қайта өрлеу әр

елдегі мұсылмандарға әсер етті және көптеген мұсылман елдеріндегі қоғамдық және саяси өмірдің көптеген аспектілеріне әсер етті. Өткен ғасырдың 90-шы жылдары исламизмнің өсуі бірқатар жағдайларда маңызды және қолайлы болды. Радикалды исламисттер КСРО ыдырап, коммунизм құлағаннан кейін КСРО-ның бұрынғы құрамы мен Ресейдің Ислам аумақтарындағы идеологиялық тауашаны тез толтыра бастады. Бұл күресті тек мұсылман елдері ғана емес, сонымен қатар батыс мемлекеттері де белсенді түрде қаржыландырды және қолдады;

7. 2000-2005 жылдарлағы АҚШ-тың терроризмге қарсы жорығы. Американың Ауғанстанға басып кіруі (2001) және Ирак (2003) радикалды исламизмнің өсуі. 2001 жылғы 11 қыркүйектегі оқиға Американың Ауғанстанға басып кіруіне әкелді. Соғыс АҚШ жоспарлағандай жеңіл болмады және ұзақ уақытқа созылды. 2003 жылы АҚШ Иракқа басып кіріп, Саддам Хусейн режимін құлатты. Мұның бәрі алыс себептерге де, салдарды дұрыс талдауға да негізделген, Таяу Шығыстың тұрақсыздануының басталуына әкелді.

1920 жылдары Үндістанда, Египетте және басқа да бірқатар қоғамдарда исламдық сана-сезімнің өсуі байқалды, бірақ 1928 жылы Египетте Хасан Ал-Банна бастаған «мұсылман бауырлар» қозғалысының ұйымдастырылуы өте маңызды оқиға болды. Бірінші кезеңде оның басшылығымен құрылған ұйым, ең алдымен білім беруді мақсат етті, яғни бұл білім беру орталығының бір түрі болды. Бірақ «Мұсылман бауырлардың» мақсаты ислам әлемін қайта құру болатын. Салыстырмалы түрде қысқа мерзім ішінде ұйым мүшелерінің саны күрт өсіп, 1940 жылдары 128 мыңнан 450 мыңға дейін өскен. Бұл Хасан Ал-Баннаның ұйымды құрылымдауға және топтауына алып келді, сонымен қатар, 1930-1940 жылдары Мысырдың саяси өміріне де ықпал ете бастады. Осы кезеңде олардың кіші өзін-өзі ұйымдастыру саласындағы белсенді әрекеттері басталады (мешіттер, медреселер, орталықтар, басқа да маңызды мекемелер салу). 1920-1940 ж. идеология, ұйымдастырушылық қызмет, құрылым және соғыс топтары мен органдарын құру ретінде исламизмнің қалыптасуының маңызды кезеңі болды. Ал, 1940 ж. «Мұсылман бауырлар» алғаш рет Египеттен тыс, Иордания, Сирия және Ирак сияқты мемлекеттерде өз белсенділіктерін көрсете бастады (Osman, 2016). Алайда, зайырлы көшбасшылар исламизмнен қауіптеніп, исламистік ұйымдарға іс

жүзінде тыйым салды және олардың көптеген жетекшілерін (соның ішінде Сейид Кутб) қамауға алды. Бұл исламистер арасында зайырлы режимдермен күресу идеологиясының күшейуіне алып келді.

Нәтижелері және талқылама

Сонымен қорытындылай келе, бұл мақалада исламизм мен оның анықтамасының зерттелуін және даму эволюциясын тарих бойындағы тұжырымдама ретінде қарастырдық. Даму кезіндегі өзгерістер мен орын алған оқиғаларды, исламизмнің құрамдас элементтері бөліп көрсетілді. Зерттеу нәтижесінде «исламизм» ұғымы XIX-XX ғасырларда діннің (исламның) анықтамасынан исламға негізделген белгілі бір идеологияны анықтауға дейін өзгергенін көрсеттік. Себебі, Исламизм жаңа тұжырымдама ретінде түсініксіздікті болдырмау үшін терең зерттеу мен дұрыс анықтаманы қажет етеді. Зерттеуде исламизмнің құбылыс ретіндегі маңызды сипаттамаларын қамтитын жаңа анықтаманы қарастырылды.

Авторлардың еңбектері мен орын алған оқиғаларға талдау жасай келе, исламшыл топтар арасындағы сектанттық және басқа айырмашылықтарға қарамастан, олардың түпкі мақсаты бірдей болып қалады деген қорытынды жасауға болады. Олардың барлығы әлемдегі исламдық билікті қалпына келтіруге ұмтылады: бұл мақсатқа жету үшін әртүрлі әдіс-тәсілдер қолданылады, оның ішінде әділеттілікті қолдаумен қатар зорлық-зомбылықта да толықтау бас тартылмайды немесе тікелей насихатталмайды.

Қорытынды

Мұсылман әлеміндегі жағдайды талдағанда, исламизмнің мәнін түсінуге және оның болашағын болжауда келесілерді ескеру маңызды: (1) исламизмнің терең тамырлары мен жаппай негізін, (2) исламизмнің тым гетерогенді сипатын, (3) бірқатар елдерде (Марокко, Түркия, Малайзия және т. б.) қалыпты исламистер толығымен саяси жүйеге сәйкес келетінін.

Мұсылман қоғамдастығы дәстүрлі белгілерді сақтауға тырысады және исламды адамдар арасындағы, сондай-ақ мемлекет пен қоғам арасындағы қатынастардың негізгі реттеушілерінің бірі деп қарастыруға болады. Сондықтан, ислам әлеміндегі барлық пар-

тиялар мен қозғалыстарға, соның ішінде демократия үшін күресетіндерге тән саяси жұмылдыру құралы ретінде оған деген қызығушылық сақталуда. Жүргізілген зерттеу, исламизмнің мұсылман қоғамының халықтық ұмтылыстарының, олардың өміріндегі ислам институттары мен әдет-ғұрыптарының маңыздылығын сақтауға деген ұмтылысының көрінісі ретінде әрекет ететіні көрсетеді.

Осылайша, исламизм рухани ғана емес, сонымен бірге қоғамның әлеуметтік ортасына функционалды түрде енді. Сондықтан, күшті зайырлы мемлекет болса да, исламистік ұйымдарға

тыйым салу және олардың белсенділеріне қарсы репрессия – оны қоғамнан шығару өте қиын болды. Өйткені, ол білім деңгейіне қарамастан, адамдардың басым көпшілігі түсінетін идеяларға сүйенді, атап айтқанда діни, мәдени және діни-саяси. Сондықтан, исламизмді қоғамның билігі мен институттарына белгілі бір бақылау әдісі деп қарастырып, бүгінгі әлемдік деңгейдегі шынайы, реалды түрде белсенді іс-әрекет жасап жатқан саяси күш, бағыт, саяси идеология ретінде қабылдап тиісті зерттеулер жүргізу өзекті мәселеге айналғандығын мойындау қажет.

Әдебиеттер

Ланда, Р. Г., Саватеев, А. Д. (2015) Политический ислам в странах Северной Африки. Исламские радикальные движения на политической карте современного мира. Т. 1. Страны Северной и Северо-Восточной Африки. – М.: Ленанд. – 126–180.

Левин, З. И. (2014) Очерки природы исламизма. – М.: ИВ РАН. –126.

Мирский, Г. И. (2015) Радикальный исламизм: идейно-политическая мотивация и влияние на мировое мусульманское сообщество. Доклад Международного дискуссионного клуба «Валдай». – Москва, июль 2015. URL: <https://ru.valdaiclub.com>.

Царегородцева, И. А. (2017) Исламский активизм: основные этапы развития идеологии. Исламские радикальные движения на политической карте современного мира. Т. 2. Северный и Южный Кавказ. – М.: Ин-т Африки РАН. – 93-111.

Referenes

Achilov, D., & Sen, S. (2017) Got political Islam? Are politically moderate Muslims really different from radicals? *International Political Science Review*, 38(5), 608–624. <https://doi.org/10.1177/0192512116641940>

Grinin L., Korotayev A., Tausch A. (2019) Islamism, Arab Spring, and the Future of Democracy. World System and world Values Perspectives. New York: Springer International Publishing. – 364.

Hooper, I. (2015).CAIR Welcomes AP Stylebook Revision of Islamist. Council on American-Islamic Relations Press Release. Washington, DC: CAIR. URL: https://www.cair.com/press_releases/cair-welcomes-ap-stylebook-revision-of-islamist/

In El-Din Shahin, E. (ed.) (2015) The Oxford Encyclopedia of Islam and Politics. Oxford: Oxford Islamic Studies. URL: <https://www.insightturkey.com/file/275/the-oxford-encyclopedia-of-islam-and-politics-2-volumes-spring-2015-vol17-no2>

Khan, A. R. (2007) All-India Muhammadan Educational Conference and the Foundation of the All-India Muslim League. *Journal of the Pakistan Historical Society* 55(1/2): 65–83.

Landa, R. G., Savateev, A. D. (2015) Politicheskij islam v stranah Severnoj Afriki. Islamskie radikal'nye dvizheniya na politicheskoy karte sovremennogo mira. T. 1. Strany Severnoj i Severo-Vostochnoj Afriki [Political Islam in the countries of North Africa. Islamic radical movements on the political map of the modern world. Countries of North and Northeast Africa]. – Moscow: Lenand. – 126-180 (in russian).

Levin, Z. I. (2014) Ocherki prirody islamizma [Essays on the nature of Islamism]. – Moscow: IV RAS. – 126 (in russian).

Mirsky, G. I. (2015) Radikal'nyj islamizm: idejno-politicheskaya motivaciya i vliyanie na mirovoe musul'manskoe soobshchestvo. Doklad Mezhdunarodnogo diskussionnogo kluba «Valdaj» [Radical Islamism: Ideological and political motivation and influence on the world Muslim community]. – Moscow: Report of the Valdai International Discussion Club. – 52 (in russian).

Muddassir, Q. (2017) The Turkish Referendum. *Contemporary Review of the Middle East* 4(3): 319–327. DOI: 10.1177/2347798917711076

Mura, A. (2012) A Genealogical Inquiry into Early Islamism: the Discourse of Hasan al-Banna. *Journal of Political Ideologies* 17(1): 61–85.

Osman, T. (2016) Islamism: What it Means for the Middle East and the World. – New Haven, CT: Yale University Press. – 328.

Pipes, D. (1995) The Western Mind of Radical Islam. *First Things* December. URL: <http://www.danielpipes.org/273/the-western-mind-of-radical-islam>.

Reimer, M. (2005) Modern Egypt: the Formation of a Nation-State; Arthur Goldschmidt, Jr. *Digest of Middle East Studies*. 14. 87-91.

Sayyid, B. S. (1997) A Fundamental Fear: Eurocentrism and Emergence of Islamism. – London; New York, NY: Zed Books Ltd. – 212.

Tsaregorodtseva, I. A. (2017) *Islamskij aktivizm: osnovnye etapy razvitiya ideologii. Islamskie radikal'nye dvizheniya na politicheskoy karte sovremennogo mira. T. 2. Severnyj i YUzhnyj Kavkaz* [Islamic activism: the main stages of ideology development. Islamic radical movements on the political map of the modern world. North and South Caucasus]. – Moscow: Institute of Africa RAS. – 93-111 (in russian).

William E. Shepard; Franҫois Burgat; James Piscatori; Armando Salvatore (2009) "Islamism". In John L. Esposito (ed.). *The Oxford Encyclopedia of the Islamic World*. Oxford: Oxford University Press. ISBN 9780195305135.